Докторант Абиханова Гульжанат Даутбековнаның «Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары: дереккөздері, сюжеттері, текстологиясы» атты «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған ғылыми диссертациясына рецензент

ПІКІРІ

Қытайдағы қазақтардың фольклорлық мұраларын зерттеп, зерделеу қандас бауырларымызға деген құрмет. Оның ішінде «Қытайдағы қазақ ғашықтық жырларын» алғаш жеке қарастыруымен де бұл диссертация өз құндылығын арттыра түседі. Ғылыми еңбек ғашықтық жырлардың Қытай мен Қазақстанда қалай зерттелгенін алға тартады.

І. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы.

Қазақ фольклорында аймақтық ерекшеліктер болып жатады. Олар әр түрлі деңгейде, түрлі жағдайларда байқалып жатады. Оның себебі де әр алуан. Сондай аймақтық ерекшеліктер Қытайдағы қазақ фольклорында да бар. Оны осы диссертация айқындап беріп отыр.

Қазақ фольклорындағы маңызды саланың бірі – эпостық жырлар. Көне заманнан бүгінге дейін жеткен ұлттық мұраларымызды жинап, жариялау мен оның зерттелу тарихы XIX ғасырдан басталып өз жалғасын тауып келеді. Бүгінге дейін ғалымдар тарапынан фольклордағы аймақтық ерекшеліктердің бар екені айтылып келсе де, эпостану саласы бойынша шет елдегі, оның ішіндегі Қытайдағы қазақ ғашықтық жырларының мәселесі арнайы күн тәртібіне қойылмады.

Осы жағынан алғанда докторант Қытайдағы қазақтардың халық мұрасын жинау мен зерттеуді қалыптасқан тәжірибелер мен жаңа заманда пайда болған озық тәсілдерге сүйеніп, зерттеген.

Диссертант Қытайда «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты төрт томдық зерттеу еңбектің бірінші томында жарық көрген Бексұлтан Кәсейдің «Қазақ халық ауыз әдебиеті туралы» зерттеу еңбегіндегі, Д.Қинаятұлының құрастырған «Мұра» журналының 30 жылдық таңдамалылардың I-II томында, Хуаң Жоңшияңның «Қазақ эпостары және Сахара мәдениеті», «Қазақтың лексикалық сөздік қоры және мәдениеті» (қытай тілінде), Би Шүннің «Қазақ халық әдебиетіне кіріспе» (қытай тілінде), т.б. еңбектеріндегі ғашықтық жырлар туралы тұжырымдарға сүйенеді.

Диссертациялық жұмыстың өзектілігі мен маңызы, ең алдымен, шетелдегі қазақ фольклортануы тарихындағы маңызды оқиғаларды, деректерді саралауынан, жаңа мағлұматтар табуынан, сонымен бірге Қытайда жарық көрген сирек кездесетін басылымдар мен онда жарияланған мәтіндердің паспортына ғылыми талдау жасап, жаңа концепция тұжырымдап, ғылыми айналымға енгізуімен ерекшеленеді. Сонымен бірге,

қарастырылған басылымдар араб қарпіндегі «ескі жазу» үлгісінде архивтерде сақталған, оны оқу, мазмұнын талдау, авторларын анықтау және жүйелеу белгілі қиындықтар тудырады, зерттеушіден ғылыми машықтарды, әдістерді талап етеді. Араб қаріптерімен басылған басылымдардың көпшілігі архивтер мен кітапханалардың сирек жазбалар қорында толық зерттелмей жатты. Араб қарпімен төте жазуды оқи алатындар аз болды. Осы негізде алып қарайтын болсақ, ізденуші Г.Абиханованың зерттеу тақырыбы бойынша алған кітап пен журналдардың біразын кирилл қарпіне ауыстырып, зерттеу еңбекқорлығын, ғылыми сарапшылық қабілетін, жазуға бейімділігін көрсетеді. Оның ізденісінің нәтижесінде осы уақытқа дейін ғылыми айналымда болмаған журналдар зерттеу нысандарына айналды. Мысалы, докторант Г.Абиханова ғашықтық жырлардың бүгінге дейін қолданыста болмаған 8 мәтінін тапты.

Жекелеген ғалымдардың зерттеулерін айтпағанда, Қытайдағы қазақ фольклоры, ғашықтық жырларының ерекшеліктерін аймақтық деңгейде зерттеу мәселесі жүйелі, мақсатты түрде зерттеу нысаны болған емес. XXI ғасырда алғаш рет көтеріліп отыр. Бүгінге дейін зерттеу нысанына айналмаған жырлар зерттеу жұмысының зәрулігі мен өзектілігін айқындайды.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018-2020 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалары» бойынша басым бағытқа жататын «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырдың білімі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» бөлімінің «Әлеуметтік және қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері және пәнаралық зерттеулер» атты 5.1.1. тармағының мазмұнымен сәйкес келеді.

II. Автордың өзі жазу принципі, диссертация жұмысының ішкі бірлігі.

Алынған нәтижелердің ішкі бірлігі мен авторлық қолтаңбасы айқын көрінеді. Ғылыми тәжірибесі бар. Ой-пікірлері, тұжырымдары жүйелі әрі анық. Тақырыбы нақты және оның зерттелу деңгейінің жоғары, кәсіби мамандық тәжірибесінің молдығы, тікелей осы салада қызмет жасауы – зерттеліп отырған тақырыбының құрылымын дұрыс құруға, соған сай мәселені анық қоя білуіне, дерек көзіне сүйене отырып, пікірін ішкі бірлікте өрбітіп, мазмұн тұтастығын нақты тұжырымдауға мүмкіндік берген. Зерттеу жұмысында Қытайда XX - ғасырда фольклорлық мұралардың жиналу тарихы, жариялану, зерттелу аймақтарының картасы, жырлардың сюжеттік айырмашылықтары мен типологиясы ғылыми аспектіде зерделеніп, практикалық және теориялық тұрғыдан құнды пікірлер жасалынған. Ұсынылған тұжырымдар бір-бірімен байланыста қарастырылған. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелердің орнықтылығы, дәлелі күмән туғызбайды. Әрбір ғылыми мәселе жан-жақты қарастырылып, бір-бірін толықтырып отырады. Алынған нәтижелер қойылған мақсатқа жету үшін

орындалатын міндеттердің тұтастығынан туындаған. Диссертанттың теориялық дайындығы, салыстыра қарастырылған материалдардың молдығы тақырыптың жүйелі түрде тыңғылықты зерттелуіне игі ықпал еткен. Осы жағынан алғанда, ізденушінің ғылыми тұжырымдары ғылыми жаңашылдығымен, ой жүйелілігімен және тұжырымдарының дәйектілігі мен жинаған материалдарды талдауынан көрініп тұр.

III. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже (қағидасы) мен қорытындының жаңашылдық деңгейі

Диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижесі мен қорытындысының **жаңалық нәтижесі ретінде мына жағдайларды** көрсеткім келеді:

Бірінші ғылыми нәтиже - жаңа; ізденуші диссертацияда Қытайдағы қазақ фольклорлық мұраларының жиналу мен жариялану тарихнамасын бірнеше кезеңге бөліп қарастырады:

1) Фольклорлық мұралардың XVIII-XIX ғасырларда жиналуы мен жариялануы. Ежен хандығы тұсында мәнжулердің қазақтарды басқару, рулық жүйені саяси мақсатта пайдалануы үшін жиған шежірелер мен деректер. Ол деректер мен шежірелер Қытай астанасы Бейжіңде күні бүгінге дейін сақтаулы [34].

2) Жинаушылардың ат салысуымен XX ғасырдың 1930-1980 жылдар аралығындағы фольклорлық мұралардың жариялануы. Бұл кезеңдегі жиналған фольклорлық мұралардың көбі коммунистік Қытай үкіметінің саясатымен «Мәдениет зор төңкерісі» (1968-1978) кезінде отқа жағылды, жыртылды, жойылды. Зиялылар есекке мініліп, төменгі еңбекке тартылып, жазаланды.

3)XX ғасырдың 1980-1989 жылдардағы фольклорлық мұралардың жариялануы. «Мәдениет зор төңкерісі» кезінде жоғалған мұраларды қайта жаңғыртуға күш салынды. Нәтижесінде, «Ертегілер», «Ертегілер мен аңыздар» (1958), «Қазақ жұмбақтары» (1980) секілді жекелеген фольклорлық жанрлардыңүлгілері жинақтар мен «Шалғын», «Алтай аясы», «Мұра», «Іле айдыны», «Тарбағатай», «Шұғыла» журналдарында жарыққа шықты.Жәди Шәкенұлының мәліметіне сүйенсек, 1980 жылдарда «Қисса-дастандар», «Тарихи жырлар» мен «Батырлық жырлар» (18 том), «Ғашықтық жырлар» (8 том), «Ертегі-аңыздар» (4 том), «Шежіре» (3 том), «Тарихи айтыстар» (6 том), «Айтыстар» (6 том), «Тарихи ән-күйлер» (4 том), «Шешендік сөздер» (4 том), «Мақал-мәтелдер» атты (2 том) фольклорлық жинақтар баспадан шықты. «Шалғын», «Мұра» журналдарында ауыз әдебиеті мұраларын қарастырған 200-ден астам мақала, «Ауыз әдебиеті туралы пайымдаулар» (1984), «Қазақ әдебиет тарихының таңдамалы үлгілері» (1985), «Қазақ ауыз әдебиеті туралы» (1985), «Ауыз әдебиеті тарихы» (1988) атты зерттеу еңбектері жазылды [35].

4) 1990-1997 жылдары әр аудан, аймақтан арнайы қоғамдар құрылып, он жылға жуық әр ауданнан шыққан «Төрт топтама» (кей аудандарда екі-үш

топтама) («Халық өлеңдері», «Аңыз-ертегілері», «Мақал-мәтелдері», «Қазақ қисса-дастандары»), 1996 жылы Шыңжаң жастар баспасынан «Қазақтың ғашықтық дастандарының» алты томы жәнежекелеген ЖОО баспаларында Әуелхан Қалиұлы, Бексұлтан Кәсей, Би Шүн, Хуаң Жоңшияң т.б. ғалымдардың жинауымен біршама зерттеулер жарыққа шықты.

5) Жаңа ғасырдың 2000-2012 жылдар аралығында «Ұлттар баспасы» мен «Шыңжаң халық баспасынан»жеке-жеке кітап болып жариялануы. Аудандардан жиналған «Ауыз әдебиетінің» төрт томы қайтадан сұрыпталып, «Қазақ ертегі-аңыздары» (2002), «Қазақ мақал-мәтелдері» (2005), «Қазақ қисса-дастандары», «Қазақ өлең-жырлары» деген атпен ШҰАР (Шыңжаң Ұйғыр Автономиялы Районы) жағынан энциклопедиялық төрт том болып жарық көрді.

Бұл кезеңдестіру тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізіліп отыр.

Екінші ғылыми нәтиже - жаңа;

Ғашықтық жырлардың шығу тарихын анықтап, ғылыми-теориялық тұрғыда кешенді талдау жүргізіп, деректік құжатнамасы мен жанрлардың таралу аймақтарының картасын жасаған. Мысалы, ізденуші «Жеменей ауданының қисса-дастандары», «Баркөл ауданының қисса-дастандары», «Дөрбілжің ауданының қисса-дастандары», «Үрімжі ауданының аңыз-әңгімелері», «Шәуешек қаласының қисса-дастандары», «Текес ауданының қисса-дастандары», «Нылқы ауданының қисса-дастандары», «Бурылтоғай ауданының қисса-дастандары», «Қаба ауданының қисса-дастандары» деп жанр тараған аймақтардың карталарының суреттерін келтіреді. Сондай-ақ сол аймақтардағы қазақ фольклорының жиналуы туралы тың деректерді ұсынады.

Үшінші ғылыми нәтиже - жаңа; мұнда ізденуші жанр белгілерін анықтауда Қытайдағы зерттеушілердің жүйелеуі мен Қазақстандағы ғалымдардың еңбектерін саралай отырып, оларды ғылыми тұжырымдармен дәйектейді.

Төртінші ғылыми нәтиже – жаңа; диссертант бұрын беймәлім «Түкібай – Шолпан», «Қаһраман мен Самарқан», «Нұрланған мен Айгүлім», «Әлпеш – Назым», «Көркемшияр – Бекзат», «Ер Көркемше – Шеризат», «Естігүл мен Серік», «Үйсін – Жомарт» жырларын ғылыми айналымға қосады.

Бесінші ғылыми нәтиже – жаңа; докторант бүгінге дейін ғылыми айналымға енбеген ғашықтық дастандардың мәтіндеріне текстологиялық зерттеу жүргізген. Мәтіндер қандай өзгеріске түсті деген мәселе алға қойылып, түпнұсқа мен вариант, версиялары салыстырылады. Сондай-ақ жыр сюжеттеріндегі қолданылған мотивтердің классификациясын жасайды. Нәтиженің жаңалығы жоғары.

IV. Диссертацияның ғылыми нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық принципі.

Бірінші ғылыми нәтиже. Г.Абиханова алдымен ұлттық қазынамыз фольклорлық мұралардың жиналуы мен жариялану, зерттелудің тарихнамасын жасайды. Нәтижені шынайы деп бағалаймыз.

Екінші ғылыми нәтиже. Ізденуші эпос пен дастан жанрының аражігін ажыратып, оларды дәстүрлі эпос және дастандар деп екі үлкен топқа бөліп, одан ары төрт типке жіктейді. Жырлардың сюжеттік ерекшеліктері анықталып, дастандардың мазмұндық схемасы жасалып, жеке-жеке көрсетілді. Материалдардың қайдан, қалай жиналған тұғырнамасы мен информаторларды анықтап, картасын енгізген. Шынайылық дәрежесі күмән туғызбайды.

Үшінші ғылыми нәтиже.

Диссертант Қытайдағы А.Татанайұлы, З.Сәнікұлы, Н.Мыңжани, О.Егеубаев, Ә.Қалиұлы, Б.Кәсейұлы, Т.Қабаев, Хуаң Жоңшияң, Би Шүн, Пәтиман, Ә.Кінәзбекұлы, С.Сағатжан, Д.Қинаятұлы, Қ.Әлменұлы сияқты жинаушылар мен зерттеушілерді Қазақстандағы зерттеушілердің классификациясымен салыстырып, бүгінгі қалыптасқан тұжырымдармен көрсете отырып, жүйелеудің дұрыс еместігін дәлелдейді. Диссертанттың бұл жерде ғылыми болжам жасап, көп ізденістерге бой ұрғаны байқалады және жұмыстың шынайылығын көрсетеді.

Төртінші ғылыми нәтиже. Гүлжанат Абиханова «Бабалар сөзі» жүзтомдығына енбеген бірнеше ғашықтық жырлардың мәтінін ғылыми айналымға енгізген. Нәтиже шынайы деп бағалаймыз.

Бесінші ғылыми нәтиже. Ізденуші Қытайдағы қазақ дәстүрлі романдық эпостарының сюжеттік ерекшеліктеріне тоқталып, жырлардағы мотивтерді классификациялайды. Сондай-ақ мәтіндерге салыстырмалы текстологиялық зерттеулер жүргізеді. Шынайылық дәрежесі күмән туғызбайды.

V. Академиялық адалдық принципі.

Г.Д.Абиханованың зерттеу жұмысында академиялық адалдық принципін ұстанған. Жекелеген тұжырымдары қазіргі фольклортану ғылымындағы соны жаңалығымен құнды. Диссертацияда жалпы саны 140-тан астам дереккөзді пайдаланған. Ізденуші авторлық құқық нормаларын сақтаған. Әдебиеттерге, авторларға және олардың түйінді сөздеріне сілтеме беріп отырады. Диссертацияда осы тақырыпты ашуға негіз болатын Ә.Марғұланның, С.Қасқабасовтың, Б.Әзібаеваның «Қазақ эпостарының сюжеттері», З.Сейітжанұлының «Қазақтың реалды тарихи эпосы», Ұ.Аязбаеваның «Ұлт-азаттық тарихи жырлары», С.Қосанның еңбектерін жан-жақты қарастырған. Ғылыми жұмыста академиялық адалдық принципіне қайшы келетін қандай да тұжырым, мәтін бұрмалаушылықтар байқалмады.

VI. Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы

Докторанттың жұмысы тұтастай ішкі логикалық бірлікке ие, дәстүрлі (классикалық) романдық эпос пен ғашықтық дастандардың жанрлық

ерекшелігі ажыратылып, олардың типтерін бөлуі, ғылыми тұрғыдан талдануы, дереккөздері, теориялық және практикалық мәслелері нақты сабақтастықта жүйеленген. Туындаған ерекшеліктерге баға беріп, жаңа байламдар мен жан-жақты талдаулар жасаған.

Осы нәтижелерді басқа да ғылыми зерттеулерде жоғары оқу орындарында мамандар даярлауда, оқылатын фольклортану пәні мен оған қатысты арнаулы курстарда пайдалануға болады.

VII. Диссертацияның негізгі нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындыларына байланысты жарияланымдардың растамасы

Диссертацияның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары, қорытындыларының талапқа сай жеткілікті түрде жариялануы расталынады: 1 мақала нөлдік емес импакт-фактор ғылыми басылымында, 4 халықаралық конференция жинақтарында, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитетінің нұсқауындағы филологиялық басылымдарда, 1 мақала ұжымдық монографияда жарияланған.

VIII. Диссертация мазмұнына және рәсімделуіне қатысты кемшіліктер, ұсыныстар, пікірлер.

– Диссертацияда ғашықтық жырлардағы «Түс көру» мотиві, «Құбылу не киім ауыстыру» мотиві, «Кенже ұл» мотиві, «Аян беру» мотиві, «Аллаға жалбарыну» мотиві, «Перзентсіздік» мотиві, «Күйеу таңдау» мотиві деп классификация жасап келіп, 64-бетте «Арақ-шарап ішу сарыны» деп жазады. Мотиві дегенді бір жүйеге келтіріп, сарын деп қолдануға болмас па еді?

– Диссертацияның 61-бетінде: «Ш.Уәлиханов Жанақ ақынның айтуы бойынша жазып алған», – деген сөйлем бар. Ал текстологиялық салыстырмалы талдауларда Ж.Шайхысламұлы нұсқасы, Дәуіт нұсқасы, Шериаздан ақын нұсқасы, Мұсабай нұсқасы, Шеге ақын нұсқасы, Қаршыға нұсқасы деген сілтемелердің ішінде Шоқан нұсқасы деген сілтемелер кездеседі. Сонда Жанақ Сағындықұлы нұсқасы деп неге көрсетілмеген?

– Диссертант пайдаланған кейбір мәтіндер «Шұғыла», «Алтай аясы», «Мұра» және Қытайдың ШҰАР Іле Қазақ автономиялы облысының екі аймағы Алтай (Буырылтоғай ауданы, Алтай қаласы, Шіңгіл ауданы, Сартоғай ауылы) мен Тарбағатай (Сауан ауданы, Толы ауданы, Күп ауылы, Шәуешек қаласы, Дөрбілжін ауданы), сонымен бірге Үрімжі қаласы, Күйтің қаласы, Санжы облысы Мори аудандарына ұйымдастырылған фольклорлық ғылыми экспедициядан әкелінген қолжазба материалдардағы мәтіндердің мұқабасын қосымшаға бергенде жұмыстың маңыздылығы арта түсер еді.

– Диссертациялық жұмыста пунктуациялық, техникалық қателіктер кездеседі. Олар жұмыстың мазмұнына, ғылыми маңыздылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді және олар кеңес беру ретінде ұсынылған.

IX. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелері талаптарына сәйкестігі

«Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары: дереккөздері, сюжеттері, текстологиясы» атты диссертация жоғары деңгейде жазылған және қолданбалы сипатқа ие. Жұмыстың ішкі бірлігі бар және ғылыми нәтижелері жинақталған. ҚР Ғылым және Білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережелері» талаптарына сәйкес келеді. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Абиханова Гульжанат Даутбековнаның диссертациялық жұмысы қазақ фольклортану ғылымы теориясының дамуына үлес қоса алатын, ғылыми аппараты дұрыс, толық аяқталған зерттеу деп айта аламыз. Осы аталғандардың негізінде жұмыстың авторы – Абиханова Гульжанат Даутбековна «6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға әбден лайық деп бағалаймын.

Пікір беруші
Қазақстан Жазушылар Одағы
Басқарма Төрағасының орынбасары,
ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы, профессор Ә.Ө.Жақып